

**«№3 Э.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**2021-2022 оқу жылындағы атқарылған  
жұмыстар есебі**

**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие  
саласындағы атқарылған жұмыстар есебі**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015жылғы 22 сәуірдегі №227 бүйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» мен «Мәңгілік ел» құндылықтарын негізге ала отырып, тәрбие жұмысының жылдық жоспары жыл сайын құрылышпен, бекітілді.

Мектебімізде, қазіргі таңда 2021-2022 оқу жылында 535 оқушы білім алады. Мектеп бойынша 20 сынып комплектісі бар. Оларға жоғары білімді сынып жетекшілер бекітілген. Сонымен қатар мектепте ата-аналар қоғамдастырылған. «Қамқоршылық кеңес», «Ата-аналар комитеті», «Әкеleр мектебі», «Аналар мектебі» жұмыс жасап келеді. Бұл ұйымдардың барлығының іс-шара жоспарлары бар. Сол жоспар бойынша бірлесе жұмыс жасалынады.

Сондай-ақ «Қыран» ұл балалар ұйымы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында т.б мәселелер бойынша жетекшісі Б.Турлыбеков біргелікте, «Әсем» қыздар ұйымының жетекшісі М.Сатымбекова және мектеп психологтары Ф.Еспулганова. біргелікте оқушылармен ай сайын жиналыс өткізіліп тұрады. Тәрбие саласында 8 бағыт бойынша жұмыс жасалынады.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбиесі
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салқуатты өмір салты. Әр бағыттың мақсатына сүйене отырып, іс-шаралар түзіліп, жылдық жоспарға енгізілген. Сол жоспар бойынша іс-шаралар орындалып келеді.

**«Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, жыныстың қатынастың, бала еңбегін қанаудың, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында жылда іс-шаралар жасалады. Мысалы: жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық, қылмыстың, қаңғыбастың пен панасыздықтың алдын алу бойынша 2021-2022 оқу жылында 33 іс-шара орындалды. Мысалы: Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, қылмыстың алдын алу жөніндегі іс-шараларды**

дайындауға және өткізуге ішкі істер, қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің, мектеп қызметкерлерімен бірлескен **мобильдік топ** құрылып, жұмыс жасалынып жатыр. Сонымен қатар мектепте кәмелетке толмағандардың арасында өзіне-өзі қол салу, ерте жүктілік, зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін «**Жұмысшы тобы**» құрылып, жоспарлы жұмыстарын атқаруда. Мектепте мектеп инспекторының көмегімен тәрбиелік мәні бар, ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін, оқушылардың патриоттық сезімін оятатын, ұлдар мен қыздар тәрбиесі жайлы және қылмыс істеген азаматтардың өкініштері мен түзету коллонияларынан көрсетілім үйымдастырылды. Оқушылардың сабак уақытында бейне камерасы, фотоаппараты бар ұялы телефон (смартфон) ұстамау туралы ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қаралып, жыл сайын келісім-шарт жасалып, түсіндірме кұмыстары жүргізіледі. Тәрбиеге кері әсер ететін, өз-өзіне қол жұмсауға, ерте жүктілікке итермелейтін әлеуметтік желіліерді тұтынушы оқушыларды анықтау мақсатында ИТ (К.Иманов) бекітіліп, анықталған жағдайда құпия түрде жұмыс жүргізу үйымдастырылған. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, өз-өзіне қол жұмсаудың, нашақорлықтың алдын алу мақсатында мектепте көптеген ашық тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, кездесулер, семинар-кеңестер болып өтті. Оқушылардың сұық қару, адам өміріне қауіпті заттар алып жүруінің алдын алу мақсатында мектепте күнделікті рейдтік іс-шара өткізіліп тұрады. Мектеп ауласына өзге тұлғалардың кіруіне тығым салу, келенсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында мектеп ғимаратында, мектеп аулсында кезекшілік қойылған. Тоқсан сайын ата-аналар жиналысы болып өтеді. Онда ата-аналар комитеттерінің есебі тындалады. Түркістан облысы әкімдігі мен Түркістан облысы прокуратурасы тарапынан бекітілген «Лайықты ұрпақ тәрбиелейік» «Балалар денсаулығы өз қолымызда» тақырыптарындағы жол картасы жобасы аясында бекітілген іс-шараларға сәйкес жұмыстар атқарылып келеді. Рухани-адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында «**Адал ұрпақ**» ерікті мектеп клубы құрылған. Ол клуб тәлімгер Қ.Рустемовқа жетекшілігімен жұмыстарын атқарып келеді. Сонымен қатар Қ.Рустемов «**Жас ұлан**», «**Жас қыран**» тобының жетекшісі. Бұл топтың жұмысы өз жоспары бойынша жүргізілуде. Мектебімізде **өзін-өзі басқару** үйымының президенті мен мүшелеріне сайлау өткізіліп, мектеп президенті және мүшелері бекітілді. Өзін-өзі басқару үйымының жұмысы жақсы жолға қойылған. Өзін-өзі басқау үйымымен біргелікте, мектепте көптеген іс-шаралар өткізіліп келеді.

Мысалы: 1-қазан қарттар күніне орай «Ардагерлерді ардақтайық» атты апталықта, өзін-өзі басқару үйымы ауылдағы зейнеткер қария Култаева Қарлығаш апамызың үйіне барып, үй шаруасына көмектесіп, мерекемен құттықтап келді. «Алтын күз» апталығынды 6-7 сыныптар арасында «Аяулы алтын күз» атты байқауды үйимдастырып өткізді. 7-8 сыныптар арасында

«КР-ның 30-жылдығына орай «Гүлдер мерекесі» байқауы өткізілді. Сонда-ақ 5-6 сыныптар арасында «Спорттық би сайысы» өткізілді. 7-сыныптар арасында «Атамекен» интеллектуалдық сайысын өткізді. 3-4 сыныптар арасында «Қазақстан Республикасының Гимн» айту байқауы өткізілді. «1-желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күні» мерекесіне орай «Мен өз Отанымның патриотымын» атты патриоттық әндер байқауы өткізілді. «Ұстаздар күні» мерекесіне орай концерттік бағдарлама берді. Бастауыш сынып оқушыларымен өздері «Адамгершілік- асыл қасиет» тақырыбынды ашық тәрбие сағатын өткізді. Сонымен қатар 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Алғыс айту тақтасын» жасап ұстаздарға, өз достарына алғыстарын жазды. Сондай-ақ бастауыш сыныптармен «Алғыс айту күніне» арналған концерттік бағдарлама көрсетті. Жалпы мектебіміздегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жоғары деңгейде бағалауға болады. Мектебімізде «16 желтоқсан-Тәуелсіздік мерекесіне», «1986 жылғы желтоқсан оқиғасына» арналған іс-шаралар жоспары жасалып, өткізілді.

**Бала еңбегінің алдын алу** мақсатында 2021-2022 оқу жылында - 9 іс-шара жасалды. 20-қараша – Халықаралық балаларды қорғау күнініе орай өтілетін «Бала құқығы-адам құқығы» айлық іс-шарасы түзіліп, іс-шаралар өткізілді. Мысалы: «Бала еңбегін қанаудың алдын алу» мақсатында акция ұйымдастырылды. «Бала еңбегін қанаудың алдын алу» мақсатында ауылдағы кәсілкерлермен семинар-кеңес өтілді. «Бала еңбегін қанаудың алдын алу» мақсатында базарларда, қоғамдық көліктерде, автожуу бекеттерінде және өзге де орындарда профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды.

**Балалар мен жасөспірімдерді есірткі, психотроптық, құшті әсер ететін немесе улы заттардан қорғау** мақсатында 2021-2022 оқу жылында 10 іс-шара өткізілді. Мысалы: Халықаралық есірткіге қарсы күніне арналған акция өтті. Балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насиҳаттау мақсатында тоқсан сайын спортық және танымдық сайыстар ұйымдастырылды.

**Жыныстық қатынастың «АИТВ/ЖИТС-тің алдын алуға бағытталған** 2021-2022 оқу жылында 15 іс-шара орындалды. Мысалы: «Қауіп дәрежесі» АИТВ-ның берілу жолдары тақырыбында 9-11 сыныптар арасында құпиялыштық сақталған сауалнамалар алып, анықтау жұмысы жүргізілді. Желтоқсан Халықаралық СПИД –ке қарсы күрес күніне арналған акция өткізілді. Мектепте (СПИД) ЖИТС зардабы» тақырыбында таспадан көрсетілім ұйымдастырылды. «Егер сенің досың АИТВ жүқтүрган болса» немесе өзге де түрлі тақырыпта ай сайын оқушылар арасында пікірталас өткізілді. Дәрігер мамандардың қатысуымен ерте жүктіліктің зияндыштық жыныстық жүқпалы аурулар туралы тоқсан сайын семинар кеңестер, кездесулер өткізілді.

**Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу** мақсатында 2021-2022 оқу жылында 16 іс-шара өткізілді. Мысалы: «Мемлекет, қоғам, дін»

тақырыбында ауданымыздағы ішкі саясат бөлімінің мамандары және Республикалық «Ақниет» ақпараттық насихаттау және оңалту орталығының теолог, дінтанушы мамандары мен оқушылар арасында кездесу болып өтті.

Сондай-ақ «Қазақстан халқының рухани-адамгершілік құндылықтары және дәстүрлі діндер» тақырыбында сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді.

**Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу**  
бойынша, 2021-2022 әкімшілік 20 тәжіриппен қарастырылған жағдайлар  
орындалды. Мысалы кәмелетке толмағандармен жасалған және оларға қарсы  
жасалған құқықбұзушылықтың орын алу себеп-салдарын анықтап, оны  
болдырмауға шаралар қолданды. Оқушылардың жазғы демалысын, бос  
уақытында оларды спортқа тарту мақсатында үйірмелер  
ұйымдастырылды. Мектебімізде 9 үйірме жұмыс жасайды

ДТІЖО:  Б. Турлыбеков